

ҚР МСМ МК «Қазақ ұлттық хореография академиясы» ШЖҚ РМК

Шетелге, оның ішінде академиялық ұтқырлық шеңберінде оқуға жіберу мақсатында студенттерді іріктеу жөніндегі конкурстық комиссия отырысының
ХАТТАМАСЫ

Нұр-Сұлтан

«30» маусым 2022ж.

Комиссия төрағасы: Нусипжанова Б.Н.

Комиссия хатшысы: Торбекова А.К.

Күн тәртібі

1. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 19 қарашадағы № 613 бұйрығымен бекітілген Шетелге, оның ішінде академиялық ұтқырлық шеңберінде оқытуға жіберу қағидаларына сәйкес Қазақ ұлттық хореография академиясы (бұдан әрі – Академия) студенттерінің өтініштерін қарастыру.

Тыңдалды: Ректордың м.а. Нусипжанова Б.Н. комиссия мүшелерін таныстырып өтті:

Комиссия төрағасы:

Нусипжанова Бибикуль Нургалиевна – Академия ректорының міндетін атқарушы;

Комиссия мүшелері:

1) Сейітов Ахмет Мағзұмұлы – «Аманат» партиясы филиалының қоғамдық-саяси жұмыстар бөлімінің меңгерушісі;

2) Толысбаева Жанна Женисовна – Академияның ғылыми жұмыс және стратегиялық даму жөніндегі директоры;

3) Султанова Сағыныш Рамазановна – Академияның тәрбие жұмысы және әлеуметтік мәселелер бөлімінің басшысы;

4) Абдрасилова Дана Садуақасовна – Академияның оқу процесін ұйымдастыру және жоспарлау қызметінің басшысы;

5) Тургинбаева Айтолкын Несипбековна – Академияның хореография факультетінің деканы;

6) Кабдусова Дина Ериковна – Академияның хореография факультеті деканының орынбасары;

7) Досжан Райхан Казбековна – Академияның өнер факультетінің деканы;

8) Джумасейтова Гульнара Тазабековна – Академияның өнертану кафедрасының меңгерушісі;

9) Кензикеев Руслан Владимирович – Академияның педагогика кафедрасы меңгерушісінің міндетін атқарушы;

10) Мухамеджанова Айнагуль Тастемировна – Академияның ғылым, жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру және аккредиттеу бөлімінің басшысы;

11) Кауапова Анаргуль – Академияның оқу процесін әдістемелік қамтамасыз ету және цифрландыру бөлімінің басшысы;

12) Шагитова Гульнар Жумағалиевна – Академияның оқу процесін әдістемелік қамтамасыз ету және цифрландыру бөлімінің жетекші маманы;

13) Жұмағұл Ақмарал Нұрланқызы – Академияның халықаралық ынтымақтастық бөлімі және баспасөз қызметінің басшысы;

14) Нурпеисова Женисгуль Бакижановна – Академияның оқу процесін ұйымдастыру және жоспарлау қызметінің маманы.

Комиссия хатшысы:

Торбекова Аяулым Куанышевна – Академияның халықаралық ынтымақтастық бөлімі және баспасөз қызметінің бас маманы.

Комиссияның 15 мүшесінің 15-і (оның ішінде 1 тәуелсіз сарапшы) қатысып отыр. Кворум бар. Комиссия отырысы заңды.

Студенттер арасындағы бұл конкурс Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 19 қарашадағы № 613 бұйрығымен бекітілген Шетелге, оның ішінде академиялық ұтқырлық шеңберінде оқытуға жіберу қағидаларына сәйкес өткізіліп отыр.

Конкурс екі кезеңде өткізіледі:

I кезең – Конкурс туралы хабарландырудағы тізімге сәйкес үміткерлердің құжаттарды тапсыруы.

Студенттердің құжаттары комиссияның барлық мүшелеріне карауға жіберілген.

II кезең – үміткерлермен сұхбаттасу. Сұхбат нәтижелері бойынша үміткерлерді іріктеу комиссиясы ашық дауыс беру арқылы академиялық ұтқырлық шеңберінде шетелде оқуға іріктейді.

Конкурстық іріктеуден өткен студенттер 2022-2023 оқу жылының күзгі семестрінде Қазақ ұлттық хореография академиясымен Ынтымақтастық туралы келісімге сәйкес (10.12.2021 ж. № 26-403 және 17.02.2022 ж. №26-65) Латвия мәдениет академиясында және Беларусь мемлекеттік мәдениет және өнер университетінде оқу мүмкіндігіне ие болады.

Оқу орындары арасындағы Келісімшартқа сәйкес студент өз оқу орнында оқу ақысын төлеуге дербес жауапты. Жолақысы, тұру ақысы, медициналық сақтандыру, визаға байланысты шығындар республикалық бюджет қаражаты есебінен өтеледі. Тамақтануға байланысты шығындарды студент өз есебінен өтейді.

Байқауға қатысу үшін бірінші кезеңде хореография факультетінің студенттерінен 3 өтінім, өнер факультетінің студенттерінен 2 өтінім келіп түсті, Өтініштер мен оларға қоса берілген құжаттарды қарау нәтижесінде 5 студент конкурстың II кезеңіне жіберілді:

1. Байболова Адия Азаматовна - «Арт-менеджмент» білім беру бағдарламасының 3 курс студенті.

2. Хамзина Карина Осиповна - «Арт-менеджмент» білім беру бағдарламасының 3 курс студенті.

3. Омаров Ринат Сергеевич - «Спорттық бал биінің педагогикасы» білім беру бағдарламасының 2 курс студенті.

4. Кенес Аида Кажғалиқызы - «Спорттық бал биінің педагогикасы» білім беру бағдарламасының 1 курс студенті.

5. Сайдазова Джамиля Джамратқызы - «Спорттық бал биінің педагогикасы» білім беру бағдарламасының 2 курс студенті.

Шешім қабылданды:

Конкурстық комиссия мүшелері сұхбаттасу нәтижесі бойынша шешім қабылдады:

1. 2022-2023 оқу жылының күзгі семестріне республикалық бюджет қаражаты есебінен Латвия өнер академиясында академиялық ұтқырлық шеңберінде оқуға Карина Хамзинаның кандидатурасы бекітілсін.

2. 2022-2023 оқу жылының күзгі семестріне өз есебінен Латвия өнер академиясында академиялық ұтқырлық шеңберінде оқуға Адия Байболова кандидатурасы бекітілсін.

3. 2022-2023 оқу жылының күзгі семестріне республикалық бюджет қаражаты есебінен Беларусь мемлекеттік мәдениет және өнер университетіне академиялық ұтқырлық шеңберінде оқуға Ринат Омаров және Аида Кеңестің кандидатуралары бекітілсін.

4. Академиялық ұтқырлық шеңберінде шетелде оқу үшін Джамиля Сайдазованың кандидатурасы қабылданбасын.

Дауыс берген:

«Қолдаймын» - 15 дауыс.

«Қарсы» – 0 дауыс.

«Қалыс қалды» – 0 дауыс.

Комиссия Төрағасы:




Нусипжанова Б.Н.

Комиссия мүшелері:



Сеитов А.М.




Толысбаева Ж.Ж.



Султанова С.Р.




Абдрасилова Д.С.



Тургинбаева А.Н.



Кабдусова Д.Е.



Досжан Р.К.




Джумасейтова Г.Т.



Кензикеев Р.В.



Мухамеджанова А.Т.



Кауапова А.



Шагитова Г.Ж.



Жұмағұл А.Н.



Нурпейсова Ж.Б.



Торбекова А.К.

Комиссия хатшысы:

